

Оңтүстік Қазақстан облысы жекелеген мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы N 52 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Өгем, Төле би, Тұлкібас ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемелері Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі мұліктік кешендер ретінде республикалық меншікке қабылдансын.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетімен және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1 -тармағын іске асыру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Өгем, Төле би, Тұлкібас ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Сайрам-Өгем" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекеме) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

4. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт және Төле би аудандарының аумағындағы босалқы жер санатынан жалпы алаңы 11100 гектар жер участкесі алынып қойылсын және олар тұрақты жер пайдалану құқығымен мекемеге берілсін.

5. Осы қаулыға қосымшада көрсетілген мекеменің жер участкелері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің санатына жатқызылсын, ал осы аумақтағы ормандар "мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ормандары" мемлекеттік орман қорының санатына жатқызылсын.

6. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі осы аймақ шегінде экологиялық жүйелердің жай-күйіне теріс ететін кез келген қызметке тыйым сала отырып, мекеме жерінің айналасында күзет аймағын белгілесін.

7. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен жергілікті жерде мекеме жерінің шекарасын белгілесін.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті белгіленген тәртіппен:

1) мекеме туралы Ережені бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

9. Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте тиісті жылға арналған ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұстауға көзделетін қаражат есебінен және шегінде республикалық бюджеттен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339
Қаулысымен)

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2005 ж., N 14, 168-күжат):

көрсетілген қауымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы үйимдардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-1-жолмен толықтырылсын:

"21-1. "Сайрам-Өгем мемлекеттік үлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесі";

3) күши жойылды
Ескерту. 3) тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.10. N 1074 (адгаш рет реңсі жарияладын күннен бастап коддашыска енгізіледі) қаулысымен.

11. Осы кандык код койылған күнінен бастап қолдашысқа енгізіледі, қалаш

Казахстан Республикасының

Прем'єр-Міністр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 26 қаңтардағы
№ 52 қауалысына

КОСЫМША

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалануға берілетін Оңтүстік Қазақстан облысының ағынлағы жер участкерлігінің экспликациясы

Аудамаштын жер у қаскелеринң экспликациясы					
P / с N	Жер санаты алқаптары	және ауыл	шаруашылығы		Алаңы, га
1					

	Қазығұрт ауданы 1) босалқы жер (жайылымдар) 2) орман қорының жері: Өгем ормандарды және жануарлар дүниесін көргау мемлекеттік мекемесі жинысы:	- 2 0 0 0 7 4 5 7 3 76573
2	Төле би ауданы 1) босалқы жер (жайылымдар) 2) орман қорының жері: Төле би ормандарды және жануарлар дүниесін көргау мемлекеттік мекемесі жинысы:	- 9 1 0 0 3 6 4 0 9 45509
3	Тұлкібас ауданы орман қорының жері: Тұлкібас ормандарды және жануарлар дүниесін көргау мемлекеттік мекемесі жинысы:	- 2 6 9 7 1 26971
	Барлығы:	149053

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК